



# Банктердің ішінара жинақтық қор жүйесі

## Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде қатынастар, проценттер және ондық бөлшектер банктердің өз кәсібін қаржыландыруы тұрғысынан түсіндіріледі. Тұтынушылар ақшаларын банкке депозитке салады. Ал банк ол ақшаны басқаларға қарызға береді. Басқарушы органдар банктерден ақшаның бір бөлігін қорға сақтап қалуын талап етеді, өйткені сонда ол ақшаны банк өзгелерге қарызға бере алмайды. Қорға салынатын ақша құны әр елде әр түрлі және ол банк түріне де байланысты. Қорға сақтау құнының мысалы келтіріледі: 3:100 және оны былай да беруге болады: 3% және 0,03. Фильм соңында, егер салымшылардың барлығы бірдей ақшаларын қайтып алғысы келсе, ақшаның басым бөлігі өзге тұтынушыларға қарызға берілгендіктен, банкке аса қиын болатындығын айтады. Сондықтан да қалталы азаматтардың көбісі ақшаларын алтынмен сақтағанды жөн көреді. Фильмді түсіну үшін арнайы математикалық білім талап етілмейді. Бұл фильм экономикаға қызығатын оқушылар үшін аса қызықты болады.



## Негізгі нәтижелер

### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Берілген санды бөлшек түрінде жазуды үйрету.
- Жай бөлшектерді ондық бөлшектер мен пайыздарға ауыстыруды үйрету. Мысалы,  $\frac{3}{5} = 0,6 = 60\%$ .
- Қатынастарды қолдана білу.

### Ұсынылатын жаттығулар

- Бағандап бөлуді қолданып, жай бөлшектерді ондық бөлшектерге айналдыру.
- Нөмірленген карточкаларды қолданып, жай бөлшектерді ондық бөлшектерге түрлендіруге қатысты есептер шығару.

## Қосымша нәтижелер

### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Қатынастарды бөлшектерге ауыстырудың түрлі әдістерін түсіндіру.
- Ақша айырбасын ескере отырып, ақша санауды білу.
- Алыс-беріс экономикасын түсіну.

### Ұсынылатын жаттығулар

- Қатынастарға байланысты қарапайым есептер шығару.
- Пайыздық мөлшерлеме мен ішінара резерв қатынасын пайдалана отырып, банктің қарапайым бизнес-жоспарын құру.
- Өртүрлі жылдардағы алтынның бағасын қарастыру.



Қаражатты банктегі ішінара сақтық қорда сақтау айналымдағы ақша мөлшерін көбейтеді.

## Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

### Бөлшек сандар: Баяу қозғалыс

Бұл фильмде, бөлшекті бөлуді білудің фильмдегі баяу қозғалысты қамтамасыз етуге көмектесетіндігі қарастырылады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

### Қатынастар: Валюта айырбастау

Бұл фильмде, валюта бағамы қатынас ретінде алынып, мысалдар арқылы валюта бағамының өзгеруі әсерінен қалай ақша көбейтуге немесе жоғалтуға болатыны қарастырылады.

### Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Бұл фильмде пайыздық мөлшерлеменің тұрақты өсімінің қалай үлкен қарыздарға әкеліп соғатындығы қарастырылады.

## Сабақ жоспары

### Кіріспе

Оқушылардан банктердің қалай ақша табатынын сұраңыз. Олардың ойларын талқылай отырып, “3-6-3 ережесі” туралы сұраңыз. Яғни, 3% депозит аштырып, 6%-бен ақша беріп, “сағат 3-те гольф алаңында болу”. 50-100 жыл бұрынғы банктер қызметін бағалау дұрыс еместігін айтыңыз.

### Фильм көрсету



### Банктердің ішінара жинақтық қор жүйесі

#### Негізгі жаттығулар

##### Негізгі деңгей

Фильмде көрсетілген 1:10, 1/10, 0,1 немесе 10% қорға салудың пайыздық мөлшерін берудің әртүрлі әдістерін көрсетіңіз. Жай бөлшектерді ондық бөлшектерге түрлендірудің ережелерін жалпылаңыз. Содан соң, әрқайсысында жай бөлшек, ондық бөлшек немесе пайыз көрсетілген карточкалар дайындаңыз. Оқушыларға есте сақтау қабілетін тексеру ойынын ойнатыңыз. Барлық карточкалар үстел үстінде жабық жатады; әр оқушы кезекпен келіп екі карточкадан ашып, карточкалары бірдей мәнді болса оларды өзінде қалдырады (мысалы,  $\frac{1}{2}$  және 0,5), сәйкес келмесе қайта орнына жауып қояды. Соңында, кімнің карточкасы көп болса, сол жеңімпаз атанады.

##### Тереңдетілген деңгей

Жоғарыда көрсетілгендей, жай бөлшектерді ондық бөлшектерге немесе пайыздарға ауыстыруды жалпылаңыз. Содан соң, қатынасқа мән беріңіз. Жағдайға байланысты қатынастардың ондық бөлшектерге екі әдіспен ауыстырылатындығын түсіндіріңіз. Егер банк салынған әрбір 10 £-нің 3 £-н сақтап қалуы керек болса, онда қорда сақтау қатынасы 3:10 болады. Ал біз мұны ішінара резерв 3/10 тең деп аламыз. Алайда егер сіз және сіздің бауырыңыз екеуіңізде 3:10 қатынасындай ақша болатын болса, сіздің ақшаңыз 3/13, ал бауырыңыздың қаражаты 10/13 болады деген сөз. Оқушылармен неліктен қатынастарды жай бөлшекке айналдырғанда үнемі айырмашылықтың болатынын талқылап, ережесін қорытып шығарыңыз. Қарапайым мысалдар негізінде есептер шығарыңыздар.

## Қосымша жаттығулар

### Негізгі деңгей

Оқушыларға 1/7, 1/13 немесе 1/19 бөлшектерін ондық бөлшектерге калькулятор көмегімен түрлендіруді тапсырыңыз. Бағандап бөлуге көшіп, қашан периодтық бөлшек шығатындығына мән беріңіз. 1/2 -ден 1/20-ге дейінгі бөлшек сандарды ондық бөлшекке түрлендіріп жазуды тапсырыңыз.

### Тереңдетілген деңгей

Ішінара резервтеу пайыздық мөлшерлемесі 5% болатын, салымшылар депозитіне жылдық табыс мөлшерінің 2%-ын төлейтін және жылдық табыс мөлшерінің 4%-ын дебиторларға несиелендіретін банктің қысқартылған бизнес жоспарын сипаттаңыз. Егер банктің жылдық табысы бір миллион долларды құрайтын болса, әртүрлі депозит деңгейіне байланысты банктың пайдасы мен шығыны қандай болатынын есептеңіз. Содан соң оқушылардан сұраңыз: өз міндетін атқармай жүрген тұлғалар, яғни несиесін төлемей жүрген дебиторлар санын қалай анықтауға болады?

## Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Әртүрлі онжылдықтардағы алтынның бағасын зерттеңіз. Алынған уақыт аралығындағы алтын бағаларының өзгеріс графигін салыңыз. Ақшаны алтынмен сақтаған сенімді шешім деп ойлайсыз ба?

